

Бастауыш білім беру

2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарға ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 1-4-сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

2024-2025 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді:

660) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады, оқу жүктемесі аптасына 1 сағат. 2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1 және 2 сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады, - деген өзгеріс енгізілді. Инвариантты компоненттен 1-сыныпта «цифрлық сауаттылық» (аптасына 1 сағат) ІІ жарты жылдықта жүзеге асырылады. Вариативтік компоненттерден 1 –сыныпта 1 сағат «Математика негізі», 2-сыныпта 1 сағат «Қызықты математика», 1 сағат «Қызықты грамматика», 3-сыныпта 1 сағат «Қызықты математика», 4-сыныпта 1 сағат «Логика әлемі» жүзеге асырылады

Негізгі орта білім беру

2024-2025 оқу жылында 5-9 сыныптарға ҚР МЖМБС-2016 сәйкес жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндер оқытылады. Жұмыстық оқу жоспарында 5-9 сыныптарға арналған оқу пәндері инвариантты компонентте 6 білім салаларына бөлінген: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». «Тіл және әдебиет» білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәндері, «Математика» білім саласына «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері кіреді. «Адам және қоғам» білім саласына «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Технология және өнер» білім саласына «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарында 2024-2025 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 0,5 сағат) курсына: - 6-сыныпта «Экология» курстары таңдалды, 5 және 7,8 сыныптарда «Медиасауаттылық»; 9-сыныпта (аптасына 1 сағат) қолданыстағы «Экология» пәнінің бағдарламаларымен оқыту жалғастырылады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесін дене шынықтыру мұғалімнің оқытуымен іске асырылады.